



"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 сәуірдегі N 92-1 Заңына сәйкес "Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 40 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті 1997 жылғы 29 шілде N 134. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 4 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 50. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасының

K010209_

Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

27. "Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу мен төлеу
тәртібі туралы" N 40 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту
туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің
1997
жылғы 29 шілдедегі N 134

V970050_

бұйрығы.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы
11 сәуірдегі N 92-І

Z970092_

Заңына сәйкес "Жеке тұлғалардан алынатын
табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 40

V950073_

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар

1. 71-тармақ "е" тармақшасымен толықтырылсын: "мерзімді әскери қызметін атқарып жүрген "әскери қызметкерлерден басқа, мемлекеттік қызметшілер үшін көзделген заң нормасы қолданылатын Қазақстан Республикасы Парламенті мен маслихаттары депутаттары, сондай-ақ тұлғалар. Қазақстан Республикасы Парламенті мен маслихаттарының депутаттарын сайлау кезінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер үшін көзделген заң нормасы қолданылатын тұлғалар, мерзімді әскери қызметін атқарып жүрген әскери қызметкерлерден басқа, мемлекеттік қызметке қабылданғанда, мемлекеттік лауазымдарға тағайындалғанда, мемлекеттік қызметке көтерілгенде, салық салу нысаны болып табылатын өздерінің жеке құқығындағы табыстары және мүлкі туралы салық қызметі органдарына мәлімет береді".

2. 72-тармақтың 1-абзацы мынадай редакцияда берілсін:

"Салық төлеушілер табыстар мен мүлкі туралы мәліметті және табысы туралы Декларацияны салық қызметі органдарына салық заңымен белгіленген мерзімде және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің белгіленген нысаны бойынша тапсырады.

72-тармақтың 4-абзацы мынадай редакцияда берілсін: "декларация" деген сөзден кейін мәтін мына сөздермен толықтырылсын: "және табыстары мен мүлкі

туралы мәлімет".

72-тармақтың 4-абзацынан кейін мәтін мына мағынадағы жаңа абзацпен толықтырылсын: "Салық төлеушіге табыстар мен мүлкі туралы мәліметті және табысы туралы Декларацияны құрастыруға көмек көрсетуші аудитор, аталған декларация мен табыстары және мүлкі туралы мәліметке қол қойып, мөр басып және салық төлеушінің өзінің тіркеу нөмірін көрсетуге міндетті."

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 22 маусымдағы N 40 Нұсқаулығының 4-қосымшасының мәтініндегі "және мәміле жасалған күнге" сөзі алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Салық комитетінің төрағасы
Келісілген: Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі Салық реформасы
департаментінің директоры